

Бұдан әрі МДҰ деп аталатын «Сабындықол бастауыш мектебі» КММ атынан МДҰ Жарғысының негізінде әрекет ететін мектеп меңгерушісі Жандельдина Гулмира Сакеновна бір жағынан және бұдан әрі Қайырбай Иманғали Ренатұлы (баланың толық аты – жөні, әкесінің аты, туған жылы) «Ата - анасы» деп аталатын анасы (әкесі, оларды алмастыратын тұлғалар) Жалғасбаева Индира Сабыровна (анасының, әкесінің, оларды алмастыратын тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты) екінші жағынан, төмендегілер туралы осы шартты жасады:

### 1. МДҰ міндеті:

1.1. Қабылдауға арналған жолдама, ата – анасының бірінің немесе заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін), баланың тууын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 24 маусымдағы № 469 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2423 болып тіркелген) бекітілген «Бала денсаулығы паспорты» 026/у – 3 есеп нысанын толтыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулықта қарастырылған нысан бойынша баланың денсаулық паспорты, баланың денсаулығы туралы анықтама, психологиялық – медициналық – педагогикалық консультацияның қорытындысы (ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін).

№ Мектеп алды даярлық тобына қабылдайды.  
(топтың аты)

1.2. Балаға жағдай жасау: күтім, қарау, қорғау және денсаулығын нығайту, интеллектуалдық жеке және шығармашылық қабілетін дамытуды қамтамасыз ету, баланың эмоционалды жағдайын жасау, мүддесін қорғау.

1.3. Баланың даму ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тәсілдерді жүзеге асыру.

1.4. Баланың эмоционалды жағдайына қамқор болу.

1.5. Балаға қосымша білім мүмкіншіліктерін туғызу.

1.6. Осуі мен дамуына керекті азық- түліктермен қамтамасыз ету.

1.7. Мемлекеттік стандарттың талабы бойынша бекітілген күн тәртібі кестесіндегі ұйымдастырылған іс-әрекет өткізу.

### 2. Ата – ананың міндеті:

2.1. МДҰ Жарғысын және осы шартты орындау.

2.3. МДҰ – ға баланың келе алмайтыны; ауырып қалғаны туралы екі күн ішінде хабарлау және себепсіз қалдырмау.

2.4. Баланы 16 – жасқа толмаған (немесе басқа жағдайлар) тұлғаларға сеніп тапсырмай, тәрбиешіге өзі алып келуге және тәрбиешіден алып кетуге тиіс.

2.5. Баланы МДҰ – ға ұқыпты күйінде, таза киім мен аяқ киім кигізіп алып келу.

2.6. Баланы тәрбиелеу мен оқытудың барлық бағыттары бойынша МДҰ – мен бірлесіп әрекет ету.

2.7. МДҰ – ға жарғылық міндеттерді іске асыру бойынша қолдан келетін көмекті көрсету.

2.8. Байланыс телефоны мен тұрғылықты жерінің өзгергені туралы мектеп әкімшілігіне немесе тәрбиешіге хабарлау.

2.9. Мектепке дейінгі ұйымға баланың алдағы болмауы туралы уақытылы хабарлау.

2.10. Top тәрбиешілеріне, топ көмекшілеріне медициналық және басқа да персоналға өз міндеттерін орындау кезінде құрмет көрсету.

